

**Азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер және
Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің
тұруына ықтиярхат беру**

Мемлекеттік орган	ҚР Ішкі істер министрлігі
Қызметті алушылар	жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орны	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация)
Қызметті көрсету мерзімдері	17 (он жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей (қабылдау күні мемлекеттік қызмет мерзіміне кірмейді) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 852 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы азаматының паспортын, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі мен босқын куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша 7 (жеті) жұмыс күні.
Қызмет құны	азаматтығы жоқ адамның куәлігін - 8 АЕК; шетелдіктің ҚР тұруына ықтиярхат – 0,2 АЕК
Құжаттар тізбесі Мемлекеттік корпорация	Азаматтығы жоқ адамның куәлігін ресімдеу үшін: 1) мемлекеттік бажды төлегені туралы құжат; 2) өлшемі 3,5 x 4,5 см. үш фотосурет (формулярды қағаз тасымалдағышта толтырған кезде); 3) мына құжаттардың бірі: жарамдылық мерзімі өткен шетелдік паспорт; азаматтығы жоқ адамның куәлігі; 1974 жылғы үлгідегі паспорт (бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы); әскери билет; бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаны туралы анықтама; Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес азаматтықты өзгерту туралы анықтама; Туу туралы куәлік (он алты жасқа дейінгі адамдарға ресімдеу кезінде); Қазақстан Республикасының шетелдердегі

мекемелері беретін оралу куәлігі (шетелде уақытша жүрген азаматтығы жоқ адамның куәлігі жоғалған кезде).

Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хатты ресімдеу үшін:

- 1) мемлекеттік бажды төлегені туралы құжат;
- 2) өлшемі 3,5 x 4,5 см. Екі фотосурет (формулярды қағаз тасымалдағышта толтырған кезде);
- 3) жарамды ұлттық паспорт.

Қызмет көрсету нәтижесі

Азаматтығы жоқ адамның куәлігін немесе шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020195#z10>